

894.342-93  
Б20  
232.93

Архивтік қор.  
Архивтік фонд

# Ахмет Байтұрсынов

АҚ ЖОЛ



894.342-93+  
Б20

# Ахмет Байтұрсынов АҚ ЖОЛ

Өлеңдер мен тәржімелер, публистикалық мақалалар  
және әдеби зерттеу

Құрастырған, алғы сөзін жазып,  
баспаға әзірлеген —  
Қазақ ССР Ғылым Академиясының  
корреспондент-мүшесі,  
Абай атындағы Қазақ ССР Мемлекеттік  
сыйлығының лауреаты Рымғали Нұрғалиев.



АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1991

Расты...	...
Әкзе	688
-аз.	13/VI-91.
сдел	
Г.ач.	

Handwritten signature below the stamp.

894.342-1

ББК 84Қаз7—5  
Б 20

Редактор *Есенбай Дүйсенбаев*

Тексті баспаға әзірлегендер: Р. Нұрғалиев («Ер Сайын», «23 жоқтау», «Әдебиет танытқыш»), М. Мырзахметов («Қырық мысал», «Маса»), А. Мектепов, Ғ. Әнесов («Көсем сөз» бөліміндегі мақалалар).

**Байтұрсынов А.**

Б 20 Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев.— Алматы: Жалын, 1991.— 464 бет.  
ISBN 5-610-00700-3

Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған ұлы ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, ақын-аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсыновтың ардақты есімі қазіргі қайта құру заманы арқасында ақталып, артына қалдырған асыл мұрасы халыққа қайтып оралды.

Ақаңның бұл жинағына өзінің көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «елшілік ұраны» деп бағаланған атақты кітаптары — «Қырық мысал» мен «Маса», әйгілі «Әдебиет танытқыш», сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған «23 жоқтау» мен «Ер Сайын» және қазақ жұртын өнер-білім шұғыласына, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері (публицистика) еніп отыр.


Б 480325020475 без объявл.—91  
408(05)91

ББК 84Қаз7—5

ISBN 5-610-00700-3

© Ахмет Байтұрсынов, 1991

110894



## АЛЫП БӘЙТЕРЕК

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Бюросы Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның жұмыс қорытындысын мақұлдады. Сөйтіп, кезінде сталиндік репрессияға ұшырап, мерт болған боздақтар қайта тірілді, сөнген жанып, жоғалған табылды. Алыптар қайта оралды.

Тұтас буынның төл басы, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым-тілші, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды акын-аудармашы Ахмет Байтұрсынов қалыптасқан дәстүрлі документтер бойынша айтқанда қазіргі Қостанай облысы, Торғай атырабындағы, Сартүбек деген жерде ел арасында беделді, қайратты кісі Шошақұлы Байтұрсын шаңырағында 1873 жылы, 18 январьда дүниеге келген. Ахметтің «Өмірбаянында» көрсетуінше, мешін жылы, 1872 жылы туған, № 5 ауыл, Тосын болысы, Торғай уезі. Қалың қазақ ортасы, қаймағы бұзылмаған сахара тұрмысы табиғатынан дарынды туған баланың сезім дүниесін, ой әлемін тербеп, толқытады. Әділетсіз өмірдің улы зары бала жүрегін он үшінде жаралайды. Әкесі Байтұрсын мен оның інісі Ақтас қорлық, зорлыққа шыдамай, 1885 жылы, 12 октябрьде ояз начальнигі полковник Яковлевтің басын жарып жібереді. Мұның арты дүние-мүлікті тартып алу, түрме, абақты, Сібірге 15 жылға жер аударылу.

Табиғатынан аса дарынды туған талапты бала Ахмет 1882—84 жылдары әуелі көзі қарақты адамдардан өз үйінде хат танып, артынан жақын жердегі ауыл мектебінен сауат ашады да, 1886—1891 жылдары Торғай қаласындағы екі класты орысша-қазақша училищеді, 1891—1895 жылдары Орынбордағы мұғалімдік мектепте оқып, білім алады. 1895 жылдың 1 июнінен бастап мұғалім болады: Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы атырабында бала оқытады, өмір, тіршілік күресіне араласады, әділет үшін күреседі, жуандарға, байларға қарсылық білдіреді, патшаның отаршылық саясатын айыптайды. Ауылдық, болыстық, кейін екі класты мектептерде ұстаз бола жүріп, 1901 жылдан бастап қолы бос кездерде өзі ізденіп, сан алуан кітаптар оқиды, әдебиетпен айналысады, оқу құралдарын жасайды, өлең-жыр тудырады, фольклор нұсқаларын жинайды. Ел ішінде жас оқыған, еркін мінезді батыл ойшыл бедел-атағы өсе бастайды. Полиция тыңшыларының жаласымен күйе жағылып, губернатор Тройницкий жарлығы бойынша Қарқаралы екі класты училищесінің меңгерушісі Ахмет 1909 жылы, 1 июль күні Семей абақтысына алынып, сотсыз, үкімсіз, нақақтан-нақақ 8 ай бойы азап-қорлық көріп, торыады, қиналып, ширайды, ақыры күреске белді бекем буады. Бостандық аңсаған, күреске шақырған өлеңдер жазады. Ақыры Қазақстанда тұру хұқынан айрылғандықтан, 1910 жылы, 21 февральда түрмеден шығып, март айында Орынбор қаласына

келеді. Бұдан кейін Ахмет Байтұрсынов өміріндегі ең күрделі, қызықты, қажырлы кезеңдер басталып кетеді. 1913—1918 жылдар арасында «Қазақ» газетінде редактор болып, орасан зор әлеуметтік-тарихи қызмет атқарды, халық өмірінің сан алуан көкейкесті мәселелерін көтереді, елді прогреске, өнер-білімге үндейді.

Алаш қозғалысы тұсында (1918—1919 жылдың басы) Ахмет Байтұрсынов, өзі айтқандай, адасады, қателікке ұрынады, санын соғады, түңледі, сары уайымға салынады. Жаңа өткел, соны өріс іздейді. Азапты толғаныс, өзгеру эволюциясынан өтіп барып, 1919 жылдың март айында бұрынғы ұлт интеллигенциясының көптеген өкілдерін өзімен бірге алып, Совет өкіметі жағына өтеді — Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық комитеттің мүшесі ретінде оның жұмысына белсене араласады. Республика халық ағарту комиссары, Бүкіл Одақ Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, Коммунистік партия мүшесі (1920—1926 жылдар), Қазақстан Академиялық Орталығының жетекшісі, Ташкент, Алматы жоғары оқу орындарында профессор болады, сөйтіп, жаңа заман үшін күреске түседі.

Лениндік нормалар бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған кезеңде Ахмет Байтұрсынов әуелі 1929 жылы бір ұсталып, абақтыға қамалып, лагерь тепкісіне түсіп, ұзақ азап көріп, 1936 жылы қайтып келгенмен, 1937 жылы тағы репрессияға ұшырап, 1938 жылы атылды. Ұлы жүректің ауыр тағдыры осындай, ал толық өмірбаянын жазу үшін көптеген архив деректері, замандас естеліктері, тарихи материалдарға сүйену қажет. Қазіргі қолда бар дүниелердің ішінде оның өзі орысша жазған «Жизнеописание» (1929, 8 март), «Биография» (1929, 21 август) деген материалдар айрықша бағалы. Бұлар КазПИ архивында сақталған.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ақындық, публицистік, қайраткерлік істері өз заманында аса жоғары бағаланған. Қазақ ортасы, түркі әлемі ғана емес, орыс ғалымдары берген тарихи тұжырымдардың орны ерекше.

Кезінде Ахмет Байтұрсынов, оның ғылыми еңбектері туралы орыс ғалымдары проф. А. Самойлович (Литература турецких народов, «Литература Востока», вып. I. П. 1919), Е.Поливанов (О киргизско-казахской орфографии. «Бюллетень СГУ», вып. 7. Ташкент, 1924) бағалы пікірлер айтқан болатын.

Ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткерінің өмірі, творчествосы, әлеуметтік қызметіне байланысты маңызды еңбектер, негізінен оның туғанына елу жыл толу юбилейі тұсында жарияланды. «Қырғыз (қазақ) өлкесін зерттеу қоғамы еңбектерінде» (Орынбор, 1922) орыс тілінде екі мақала басылды. «Ахмет Байтұрсынұлы Байтұрсынов (биографиялық очерк)» (15-25-беттер) мақаласындағы тарихи фактілер, деректер күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Ақиқатқа жүгінгенде, бұдан кейінгі уақыттарда А. Байтұрсынов өмірбаяны туралы жазған авторлардың бәрі де осы еңбектің материалдарын пайдаланғанын көреміз. Мақалада тұңғыш рет ақын, ғалым, публицист, қоғам қайраткерінің туған уақыты, кіндік қаны тамған жері, ол ортаның басты сипаттары, білім алған ошақтары, қызмет еткен орындары, әлеуметтік қызметтері, саяси-қоғамдық көзқарастарының өзгеруі, сан алуан эволюциясы жан-жақты ашылып берілген. Ал екінші мақала А. Байтұрсыновтың ғылыми еңбектерін, әсіресе тіл саласында ендірген жаңалықтарын саралауға арналған.

Москвада 1929 жылы «Коммунистік академия» баспасынан шыққан «Әдебиет энциклопедиясының» 1-томында (305-306 беттер) А. Байтұрсынов «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогі.... Ол — қазақ тілі емлесінің реформаторы, грамматиканың және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деп бағаланып, негізгі өмірбаяны берілді, қоғамдық-әлеуметтік қызметі айтылады.

Өз уақытының аласапыран құбылыстарын бағалау, болашақ алыс өрістерді көруге келгенде, жас Мұхтар Әуезов даналығына таң қалмасқа болмайды. Алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай, Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнына қатысты дәл бүгінгі күнмен үндес, қайта құру рухына орайлас пікір-тұжырымды жігіт-желең, 25-26-лардағы балғын ойшыл қалай тауып айтты екен деп таң қаласың: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген

ана тіл, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұраны, «Қырық мысал», «Маса» еңбегі, «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих ұмытпайтын істер болатын Оны жұрттың бәрі де біледі Бұның шындығына ешкім дауласпайды» («Ақ жол», 1923, 4 февраль)

Ахмет Байтұрсыновтың тарихтағы орнын, оның әлеуметтік-қоғамдық істерін, дүниетанымдағы кейбір қайшылықтарын өз кезінде дұрыс көрсетіп, әділін айтқан адамдардың бірі — Сәкен Сейфуллин. Ол «Еңбекші қазақ» газетіне (1923 жыл, 19 январь) «Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды» деген арнаулы мақала жазып, онда былай дейді «А. Байтұрсынұлы қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшпен сатып тымаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық істеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлына жанын аямай, қызметтерін қылды». «Қырық мысал», «Маса» кітаптарын, «Қазақ» газетіне редакторлық еткен еңбектерін, Алаш кезеңін, артынан Компартияға кіргенін түгел шолып айта келіп, мынандай түйін түйеді «Қалай болса да, жазушысы азғана, әдебиеті нашар қазақ жарлыларына оқу нәміз тіл құралдарымен қылған қызметі таудай... Елуге келген Ақаңды шын көңілден құттықтап, өмірінің ұзақ болуын тілеймін».

Түркістан республикасы Орталық атқару комитеті мен Түркістан Орталық партия комитетінің газеті «Ақ жол» 1923 жылғы 4 февральда шыққан 270-санында

«Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл нәміз оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді көкसेген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді»,— деп жазылған.

Бұдан кейінгі уақыттарда, лениндік принциптер бұзылып, сталинизм қылышынан қан тамған зұлмат жылдар, нәубет, селебе, қанқырғын — репрессиялар басталған кезде, көп нәрсе мүлде бұрмаланды, «байтал түгіл, бас қайғы» дейтін күндер туған. Ол шақта Ахмет Байтұрсыновтың еңбектерін талдап, тарихтағы орнын көрсетпек түгіл, атын атаудың өзі — қылмыс, азамат басын жұтатын, абақтыға апарар жолға айналды.

Бірақ сонда да ескі газет-журналдарды, архивтерді ақтарған, көне кітаптарды оқыған сұңғыла жандар алдынан тұтас тау сілеміндей болып Ахмет Байтұрсынов мұрасы шығар еді; көзі қарақты, қайрат-жігерінен, азаматтығынан айрылмаған аға буынның кейбір есті өкілдері, кейде оңашада, алды-артына бір қарап қойып, «Ақаң былай деген ғой» деп суырыла жөнелер еді. Профессор Бейсенбай Кенжебаев сынды сырты жуас, момын көрінгенмен, штей берік, қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи мектепті негіздеген батыр ойлы ғалым өз шәкірттерінің біріне «Мынау Ақаң жазған «Әдебиет танытқыш», әдебиет теориясы. Мен 40 жыл сақтадым. Сенің диссертацияңа байғазы болсын. Қалған уақытта сен сақта Бірақ байқа Уақыты жетпей айқайласаң, таяқ жейсің. Аруақтың киесі ұрып, кесапаты тиюі мүмкін. Шарапаты тиетін уақыт келер. Ол күнді мен көрмесің. Сендер көресіндер. Мықты жерге тығып қой»,— деген. Жас, өр кеуде, тұяғына тас тимеген шәкірт өмірде талай теперіш көріп, таяқ жеген дана ұстаз тілін алды дейсіз бе. Ақаң кітабы, ондағы пікір-байлам, ой-тұжырым, жаңалық-табыс туралы айтып та, жазып та жіберген; жұрт білмей ме, көрмей ме, көрсетпей ме,— білген, көрген, көрсеткен. Сонда тұмсығы тасқа тиген шәкіртіне ұстазы айтқан сөз: «Ескерттім ғой,— болмадың. Енді оқасы жоқ. Шыда! Мұндайда еңбек етсең ғана еңсең көтеріледі».

Қазақстанда Байтұрсынов есімін ауызға алуға да, жазуға да тыйым салынған уақыттарда түркологтар тарапынан оқта-текте ол туралы бір-саран

пікірлер айтылып қалып жүрді. Әсіресе академик А. Н. Кононов еңбегі көпшілікті елең еткізді. Аты шартарапқа мәлім, беделді тілші-ғалымның редакциясымен және алғы сөзімен Москвада 1974 жылы шыққан «Отандық түркологтардың библиографиялық сөздігі» кітабында Ахмет Байтұрсыновтың туған жылы, өскен ортасы, ата-бабасы, білім алған мектептері, қызмет еткен орындары, әлеуметтік-қоғамдық қызметі, басты еңбектері нақты айтылып, ол «араб алфавиті негізінде жетілдірілген қазақ әліппесінің авторы, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, сол сияқты әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазды» (115 бет) деп тарихи тұрғыдан әділ көрсетілді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы мақұлдағанға дейінгі Ахмет Байтұрсынов творчествосы туралы жазылған пікірлердің сілемі осындай. Күрделі тұлғаның өмірі, ғылыми, әдеби мұрасы жайлы тілшілер Ә. Қайдаров («Социалистік Қазақстан»), Т. Қордабаев («Орталық Қазақстан»), Р. Сыздықова («Қазақ әдебиеті»), С. Кенесбаев («Қаз. правда»), әдебиетшілер Қ. Мұқаметханов («Семей таңы»), Р. Нұрғалиев («Социалистік Қазақстан»), жас ғалымдар А. Мектепов, Ғ. Әнесов («Өркен»), Б. Байғалиев («Жетісу»), С. Негимов («Лениншіл жас»), т. б. мақалалары шыға бастады.

Енді Ахмет Байтұрсынов мұрасының негізгі арналарына тоқталайық.

Қалай да халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, Ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсұнады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма — мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы — жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов (1768—1844) туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербуртта бастырып шығарды.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,  
Тартады Аққу — көкке, Шаян — кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Енді кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
Әуелі бірлік керек болса жолдас.  
Бірінің айтқаныңа бірін көнбей,  
Істеген ынтымақсыз ісін оңбас,—

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Әр түрлі аңдар, әр түрлі адамдар кейіннен хабар беріп, ишара тұжырым жасалады. Кісілердің мінезі, өмір ағысы, тағдыр сабағы, заман қабағына қатысты көптеген жайттарды, әсіресе патша отаршыларының зорлық-зомбылығы, жуандардың, байлардың тепкісі, елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар.

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі.

Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды Түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған Арыстан», «Өгіз бен Бақа», «Қайыршы мен Қыдыр», «Ат пен Есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды меңзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем



ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын-әуез қосып отырады «Қартайған арыстан» мысалында

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,  
Келе алмас жаман батып маңайыңа.  
Басыннан бақыт құсы ұшқан күні  
Құл-құтан басынады, малайың да,—

деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы «Үлес» өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп

Ойласақ оқиға емес болмайтуғын,  
Ел қайда өзін жаудан қорғайтуғын.  
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,  
Адам аз алдын қарап болжайтуғын.  
Аңдыған бірін-бірі жаудан жаман,  
Байқасақ, ел белгісі оңбайтуғын.  
Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан,  
Таласып, бір-бірінің жүзін жыртқан.  
Алданып арқадағы дау-шарына,  
Қатерден қапері жоқ келер сырттан,—

деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.

Арнайы зерттеген ғалымдардың көрсеткен деректеріне жүгінсек, Иван Андреевич Крылов Эзоп (біздің дәуірімізге дейін 6-ғасырда өмір сүрген грек мысалшысы), Федр (біздің дәуірімізге дейін 15-ғасырда өмір сүрген Рим мысалшысы), Лафонтен (1621—1695 ж. өмір сүрген француз мысалшысы) мысалдарының сюжетін пайдаланғанын көреміз. Шығармаларының соңғы бір басылымында Крылов 33 туындысының аударма екенін анық айтады.

Мысал жанрының қазақ әдебиетіне бойлап ену құбылысы әлемдік көркемдік дәстүрлердің типологиялық ұқсастығын көрсетеді. «Дала уалаяты» газетінде 1894 жылы августа И. Крыловтың «Инелік пен құмырсқа» (аударған А. Құрманбаев) мысалының жариялануы — қазақ әдебиеті үшін жаңа бір арнаның басы еді

Крыловтан Абай — 14, Спандияр Көбеев — 37, Бекет Өтепілеуов 12 мысал аударған. Бір мысалдың бірнеше рет аударылғаны да бар. Мәселен: «Аққу, Шортан һәм Шаян», «Ат пен Есек», «Қасқыр мен Тырна», «Қасқыр мен Қозы», «Шал мен Ажал» (өлім), «Айна мен Маймыл», «Маймыл мен көзілдірік» мысалдарын Ахмет Байтұрсынов та, Спандияр Көбеев те аударған «Ала қойлар», «Есек пен Бұлбұл», «Қарға мен Түлкі», «Есек пен Қамыс (шлік)», «Бақа мен Өгіз» мысалдарының Абай нұсқасы да, Ахмет нұсқасы да бар.

Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді. Спандияр Көбеев 8 мысалды қара сөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жақын идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық «Шымшық пен Көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен Бақа» орысшада — 17, қазақшада — 36 жол, «Қасқыр мен Тырна» орысшада — 19, қазақшада — 76 жол, «Арыстан, Киік һәм Түлкі» орысшада — 35, қазақшада — 56 жол, «Қасқыр мен Қозы» орысшада — 37, қазақшада — 68 жол, «Ағаш» орысшада — 31, қазақшада — 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, меңзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» (Орынбор, 1911) кітабында ашық, анық, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы — басты сарын.

Оқ тип он үшімде, ой түсіріп,  
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.  
Алданып жегеніме, оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам,—



деген жолдардың нақты өмірлік материалы әкесі Байтұрсынның 15 жылға Сі-бірге айдалып, қуғын көруі, бала жүректің тілім-тілім жаралануы Ал «Жиған-терген» өлеңіндегі

Қазағым, елім,  
Қайқайып белің  
Сынуға тұр таянып.  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,  
Аш көзінді, оянып,—

деген сөздерді патша цензурасы кезінде жібермей тастаған Ақын ашынып сөйлейді, тартыстар, қайшылықтарды көрсетеді.

Бұл бір сөз қасиет айтып хатқа жазған,  
Қалмаған түк қасиет, қазақ азған.  
Байға мал, оқығанға шен мақсұт боп,  
Ойлайтын жұрттың қамын адам аздан.

Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу мақсаты бар тілектен жоғары қойылады

Мен бұқтым, жаттым,  
Сен бұқтың, жаттың,  
Кім істемек қызмет?  
Ауызбен айтып,  
Істерде қайтып,  
Жоламасақ, не міндет?  
Тек жүрсе тоқ жүрмекті  
Қиын деме білмекті

Қазір әлем поэзиясындағы дилмар сөз — афоризм боп кеткен түрік ақыны Назым Хикметтің

Мен жанбасам лапылдап,  
Сен жанбасаң лапылдап,  
Біз жанбасақ лапылдап,  
Аспан қалай ашылмақ,—

деген жолдарының Ахмет Байтұрсынов өлеңімен әуендестігі кісіні таң қалдырады.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен, әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан, «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеңе сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар «Анама хат», «Жауға түскен жөн сөзі»— қорлық-зорлыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәрине көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілесті, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің аты», «Балықшы мен балық», «Алтын этеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

Қинамайды абақтыға жапқаны,  
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.  
Маған ауыр осылардың бәрінен  
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны,—

деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындар мен емес бір күнгісім.  
Жұрт ұқпаса — ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел біркүншіл, менкі ертеңгі үшін,—

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенеді.

Екі жинақ — «Қырық мысал», «Маса» — қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты, Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жұлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, жер мәселесіне арналған «Бұ заманның соғысы» (1914), «Жәрдем комитеті» (1915), «Закон жобасының баяндамасы» (1914, осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарас эволюциясын, тарихи білгін, ойшылдық деңгейін, журналистік стилін көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді.

Ал ғалымның тілші, әдебиетші ретінде жазған мақалалары тұтас том боларлық мол дүние, бұлардың ішінде 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегі оқшау, дара тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырманының алдына тартылды Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап» журналында, 1913—1918 жылдар арасында өзі редакторлық еткен «Қазақ» газетінде, кейін советтік баспасөзде жарияланған.

Мақалалар саны көп, олар мерзімді басылым бетінде шашылып жатыр, бұларды жинап, сұрыптап, ой елегінен өткізіп, жүйелеп бастырып шығару арқылы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тарихи зердеміздің қазір ойсырап, үңірейіп тұрған беттерін толтыратын боламыз. Қазіргі қолда бар материалдардың негізіне сүйенгенде, қаламгер оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер игеру, кәсіп істеу, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңнен қозғап, өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйтқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған 1917—19 жылдар арасында адасқан, қателескен кездерін автордың өзі де мойындаған. Ал революция алдында жазған еңбектердің басым көпшілігінің негізгі идеясы ағартушылық, демократтық, прогрестік тұрғыдан көрінеді, олар біздің азаматтық, рухани дамуымыздағы маңызды, мәнді кезеңдер шындығынан хабар береді, бірқыдыру ойлар, пікірлер дәл қазіргі уақытқа қызмет ететінін көруге болады.

Автордың «Қазақ өкпесі» мақаласында («Айқап», 1911, № 2) тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Россияға қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандық кесепаты», — дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

Бұл бағытта жазылған, бір-бірімен сабақтас мақалалар өте көп. «Оқу жайы» («Қазақ», 1913, № 11) мақаласында өз кезіндегі мектептер ісін тиянақтай отырып, сол тұстағы Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды, әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, ал әрбір үш жүз кісіден 1 әйел қазақша, төрт мың кісіден 1 әйел орысша хат таныды деген дерек келтіреді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалімун (педучилище) жоқ», — деп күйзеледі. Мұның үстіне, автор қазақша, орысша — екі тілде білім алу жүйесін ерекше қолдап, «жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын», — деп, дәл қазіргі

күндегі партия мен үкімет алға міндет етіп қойып отырған қостілділік, жаппай білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

Осыған жалғас ойларды «Қазақша оқу жайынан» (1913) мақаласында дамыта, нақтылай түсіп, автор былай деп жазады «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек».

Ғалым бұрын бір айтқан пікірінен тағы да келтіріп, үдетіп беру машығынан таймай «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда, қазақша оқығанның үстіне керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе, орысша білу қажет»,— деп тағы пысықтай түседі. Мұғалім мәдениеті, білімі, оқыту әдісінің жолдары талданады. Адам тәрбиелеудің жан-жақтылық тәсілдері, келісті кісі қалыптастырып шығару мәселелеріне арналған ойлардың тоғысқан бір тұсы — «Тәні саудың — жаны сау» мақаласы

Ахмет Байтұрсынов «Лениннің елу жасы» («Ұшқын» газеті, 1920, 11 ай, № 22) мақаласында В. И. Лениннің өмір жолын, Коммунистік партия құрудағы еңбегін, Октябрь революциясын жасаудағы қызметін, марксизмді дамытуын ықшам түрде тұжырымдап, айқын көрсетіп берген. Бұл — қазақ публицистикасындағы В. И. Ленин туралы ең алғашқы еңбектердің бірі.

Ахмет Байтұрсыновтың қазақша әліппе жасауы, араб жазуына кіргізген реформасы, қазақ тілі білімінің негізгі терминдерін жұртымыздың образды ойлау мүмкіндігімен сабақтастырып, өз топырағымыздан тауып, оларға тұңғыш анықтама бергені, дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) қалыптастырып шығарған ұлы еңбегі өз кезінде де айтылған болатын. «Ахметтің Октябрь төңкерісіне шейін қазақ халқын ояту ретінде көп еңбегі сіңді. Қазақ мектебі, қазақ тілі сықылды орындарда оның еңбегі мол... Әр тілдің айдауында жүрген қазақ балаларына қазақ тілімен кітап жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам — Ахмет. Ахметтің бұл тарихи еңбегі бағаланбай қалмақ емес. Бұны пролетариат та бағалайды»,— деп жазды Сәбит Мұқанов. Ғаббас Тоқжанов пікірі де осымен сабақтас. «Бір кезде сары маса боп ызындап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді»

1929 жылы, 5 майда Ахмет Байтұрсыновтың өз қолымен жасап берген «Газет және журналдарда жарияланғаннан басқа, ғылыми, ғылыми-методикалық еңбектердің тізімі» деген документ КазПИ архивінде сақталған. Мұнда 1. «Тіл құрал», 1-бөлім. Фонетика, 2. «Тіл құрал», 2-бөлім. Морфология, 3. «Тіл құрал», 3-бөлім. Синтаксис, 4. «Әдебиет ғанытқыш», 5. «Баяншы», методикалық жазбалар, 6. «Тіл жұмсар», 1-бөлім. Практикалық грамматика, 7. «Тіл жұмсар», 2-бөлім. Практикалық грамматика, 8 «Оқу құрал», балалар әліппесі, 9. Әліппе, 10. «Сауат ашқыш», ересектер әліппесі, 11 «Әліппе — астар», әліппеге методикалық нұсқау, 12. «Қырық мысал»— Қрылов мысалдары аудармасының жинағы, 13. «Маса», төлтума және аударма өлеңдер жинағы, 14. «Оқу құрал», хрестоматия (нұсқалық, Шонановпен бірлесіп жазылған)— еңбектері көрсетілген. Бұл ерекше мәні бар материалдар деп білеміз. Кезінде М. Әуезов ауызға алған, қазір кейбір зерттеушілер айтып жүрген «Мәдениет тарихы» деген дүние көрсетілмеген, яғни, өкінішке орай, ондай жұмыс жарық көрмесе керек.

Өз қолымен жазған «Өмірбаянында» (1929, 8 март) Ахмет Байтұрсынов былай дейді «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін (ширфтің емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы

халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзін жасаған оқулықтар және өзін редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты».

Бұл жолдарда ғалымның өмір бойы жасаған істері тиянақты, жүйелі түрде айтылған.

Ахмет Байтұрсыновтың тіл білімі саласындағы еңбектерін саралау, жүйелеу, оларға тарихи тұрғыдан баға беру тілші ғалымдардың еншісіндегі зор жауапкершілік бар іс, көп жылғы көз жүгіртіп, ат үсті қарағанның өзінде толып жатқан соны шындық алдыңнан шығады. Бірер мысалға жүгінейік.

«Тіл құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. 1 Тіл танытқыш құрал». Қазақ-қырғыз білімпаздарының І-інші тобының қаулысы бойынша өзгертіліп, 5-інші басылуы. Қызылорда, 1925

Сөз былай басталады

«Тіл — адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілнен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілнен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз — жазу заманы, жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман».

Бұдан кейін жазуға үйрету, хат таныту мәселелері сөз болады. Қазақ мектептеріндегі оқыту жайы, олардың қиындықтарын таратып айта келіп, автор өзінің оқыту әдістерін ұсынады. Жалпы ғылыми мәні бар пікірлерді де айтып отырады. Мына тұжырымға көңіл бөліп, ой жүгіртіп көріңіз

«Дүниедегі жұрттардың тілі негізінде үшке бөлінеді: 1) түбіршек тіл, 2) жалғамалы тіл, 3) қопармалы тіл. Түбіршек тіл түпкі қалыбынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай, жапон тілдері. Жалғамалы тіл сөздің аяғына жалғау қосылып, өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. Қопармалы тіл сөз түбірімен қопарылып, өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі» (II б.)

Кісі таң қалады, дәл бүгінгі оқулықтардың бірінде жазылған сөз секілді әсер етеді.

Ал «Біз де тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек», — деген пікірлер ешқашан өз маңызын жоймақ емес.

«Тіл құрал» оқулығы «Сөз басы» (1—3 б.), «Тіл мүшелері», «Сөйлеу мен сөйлем», «Сөйлем мен сөз», «Сөз бен буындар», «Буын мен дыбыс» (3—10 б.), «Қазақ тіліндегі дыбыстар, олардың таңбалары» (11—14 б.), «Сөз тұлғалары» (15—16 б.), «Сөз жазуының жалпы ережелері» (17—18 б.), «Жұрнақтар» (19—26 б.), (19 түрі көрсетіледі), «Атауыш сөздер» (27—33 б.), (Зат есім, Сын есім, Сан есім, Есімдік, Етістік), «Шылау сөздер» (34—37 б.), Үстеу, Демеу, Жалғаулық, Одағай сөз, Қорыту» (38 б.), «Тасымал» (39 б.) бөлімдерінен тұрады. Әрбір ұғымға анықтама берілген, мысалдар келтірілген. «Сынау» деген айдармен түрлі жаттығу тапсырмалар ұсынылады. Берілетін анықтамалар өте ұғынықты, мәселен, зат есімге арналған тұжырымға назар аударайық:

«Сөздердің кейбіреуі нәрсенің өзін айтады: мәселен, жер, тау, тас, су, ағаш, шөп, жапырақ, күн, ай, жұлдыз, бұлт, қар, жаңбыр, жел, бу, сағым, кісі, мал, аң, құс, бақа, шаян, шыбын, шіркей, құрт, құмырсқа, қала, ай, төсек-орын, аяқ-табақ, киім, қазан-ошақ, арба, бана, жеміс, бақан, сойыл, құрық, таяқ, табақ, асық, топай, доп, қобыз, домбыра, сыбызғы, ақша, киіз, қадақ, мылтық, найза, қылыш, қанжар, оқ. Осындай нәрсенің өзін айтатын сөздерді зат есім дейміз. Зат есім туралы «кім?», «не?» деп сұраймыз. «Кім?» деп адам туралы сұраймыз. «Не?» деп басқа заттар туралы сұраймыз» (27 бет).

Осындай тілдік ұғымдарға берілген анықтамалардың дәлдігі, ғылыми тереңдігі түрлі категорияларды сұрыптаған, жіктеген кезде, оларға қазақша термин, атау берген кездерде тіпті айқын көрінеді. Қазіргі қазақ тілі ғылымының түп қазық ойлары тіпті әрде жатқанын, оларды бірінші болып Ахмет Байтұрсынов тұжырымдағанын көреміз.

Тағы оқып көрейік «Сөйтіп сөз тұлғасына қарай беске бөлінеді. 1) түбір сөз, 2) туынды сөз (туғын сөз), 3) қос сөз, 4) қосалқы сөз, 5) қосымшалар. Сөздер мағынасына қарай тоғыз топқа бөлінеді 1) зат есім, 2) сын есім, 3) сан есім, 4) есімдік, 5) етістік, 6) үстеу (үстеуіш), 7) демеу (демеуіш), 8) жалғау (жалғауыш), 8) одағай (елктеуіш, лептеуіш)» (38 б.).

Алғашқы бесеуін «есімдеуіш, атау сөздер», ал соңғы төртеуін «шылау сөздер» деп және топтайды. Қысқасы, қазақ тілі білімінің атасы Ахмет Байтұрсыновтың мақалаларын, баяндамаларын, оқулықтарын, негізгі еңбектерін тұтас жинап бастырып, оларды бағалау — азаматтық, ғалымдық борыштарымыздың бірі, қайткен күнде тарихи шындыққа қиянат жасамау, әділетті орнатуға қайта құру, ашық сөз дәуірі мүмкіндік беріп отыр.

Әдебиетші, ақын Ахмет Байтұрсыновтың өнерпаздық мұрасының маңызды саласы — ол жинап, реттеп, өңдеп бастырған фольклор материалдары. Мұның бірі — 1923 жылы Москвада Күншығыс баспасында шыққан «Ер Сайын» жыры. Кітап Шоқанның досы, әйгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге тарту ретінде шығарылған. Ахмет Байтұрсынов жазған арнау өлең.

Атақты Сібір ұлы қарт Потанин!  
Ер сүйсе, сендей сүйсін ел — Отанын.  
Қазақсың, қалмақсың деп алалау жоқ,  
Отанның тең көресің барша жанын.  
Қазаққа Потаниннің аты ардақты,  
Ямыштың біліп отыр қанша шалын,—

деп басталады да, былай аяқталады:

Біз едік қадыры жоқ ұлы әкеге,  
Көп жатқан мешел болып көлеңкеде.  
Әл бітіп, жаңа ғана аяқ басып,  
Ілдік біз де жетіп мерекеге.  
Тойыңа шашу алып шаттанамыз,  
Білдіріп жүрек лебін Грекеңе.

Бұл Ахмет Байтұрсыновтың Григорий Потанин 80 жасқа толғанда, 1915 жылы жазылған, кезінде жарық көре алмай қалқан өлеңі екен.

«Ер Сайын» жырының соңында Радлов нұсқасының тараулары да берілген, кітап аяғында Г. Н. Потаниннің өмірбаяны бар.

Ахмет Байтұрсынов жинап, реттеп, сұрыптап, бастырған екінші фольклорлық мұра — 1926 жылы Москвада жарияланған «23 жоқтау». Әдеби тілдің қалай жасалатынын айта келіп, «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, ол әдебиет адасып кетпек, енді ғана өсе бастаған қазақ әдебиетін алғанда мұны естен шығармау керек... Тіл тақырыпты Ленин сияқты көсемдердің айтқан сөздерін, үгіттерін оқыған не естіген кісі жолымыздың тура екендігін байқаса керек»,— дейді. Жинақ Шәңгереидің «Сыршы» деген өлеңінің

Құйрық атып құлия,  
Тұлкідей қашқан жымия,  
Қараңды үзіп барасың,  
Бізден де қайран дүния...  
Дәурен өтіп, жас жетіп,  
Замандас құрбы адамдар  
Азайып келіп, о бітті.  
Көрген түстей бәрі де  
Көзімнен болды зым-зия,—

деген жолдармен басталады. Қазақ тарихының 400 жылдық мерзімін қамтитын 23 жоқтау, трагедиялық жырлар берілген. Бұлардың ішінде Бапай Батыр, Қаз дауысты Қазыбек би, бірнеше тарихи тұлғалар бар, түсініктемелерде дәлді деректер бар.

Ахмет Байтұрсыновтың ғалым-теоретик, эстетик-сыншы тұлғасын айқындап беретін күрделі, голымды, жаңашыл туындысы Ташкентте 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» («Теория словесности») деген атпен басылған. Араға екі-үш жыл салып авторы ұсталып кеткен соң, бұл еңбек көпшілік арасына мол тарап үлгермеді. Бірақ қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми

негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған.

Автор өнер атаулыны тірнек өнері және көрнек өнері деп екі ұлы топқа бөліп алады, сөзін былай жалғастырады

«Көрнек өнері бес тарау болады

Бірінші — тастан, кірпіштен, ағаштан, яки басқа заттан сәнін келтіріп, сәулет сарайлар, мешіт, медресе, үй, там сияқты нәрселер салу өнері. Бұл сәулет өнері болады (европаша архитектура).

Екінші — балшықтан я металдан құйып, тастан я ағаштан жонып, нәрсенің тұлғасын, тұрапатын, сын-сымбатын келтіре сурет жасау өнері. Бұл сымбат өнері болады (европаша скульптура).

Үшінші — түрлі бояумен нәрсенің ісін, түрін, түсін, кескінін, келбетін келтіріп суреттеп көрсету өнері. Бұл кескін өнері болады (орысша живопись).

Төртінші — әуездің түрлі орайын, шырайын, сазын, сайрамын келтіріп, құлаққа жағып, көңілді әсерлейтін ән салу, күй тарту өнері. Бұл әуез өнері болады (европаша музыка).

Бесінші — нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. (қазақша асыл сөз, арабша әдебиет, европаша литература).

Өнердің ең алды сөз өнері саналады. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеуге, көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» (2 б.).

Лессингтің әйгілі «Лаокон» кітабындағы тұжырымдармен сарындас ойлар ғой мынау. Маркстік-лениндік эстетиканың түп қазық принциптерінің бірі ғой бұл.

Ғалым әдебиеттің барлық жанрларына, көркемдік құралдарына қатысты европалық, орыс әдебиеттануындағы ұғым, термин, категорияларға шып-шырғасын шығармай түгелдей қазақша балама табады. Баспасөзде, кітаптарда, оқулықтарда, радио-теледидарда қазір кең де еркін қолданылатын сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, көрнектілігі, оның тараулары, көрнектеу, меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, әсірелеу, арнау (сұрай арнау, жарлай арнау, зарлай арнау), қайталақтау, шендестіру, дамыту, үдету, түйдектеу, бүкпелеу. кекесіндеу сияқты ұғымдарды тұңғыш рет енгізіп, осы сөздерді термин дәрежесіне көтерген, дәл анықтап берген Ахмет Байтұрсынов екенін айту — тарихи әділет.

Бұл бұл ма, өлең айшықтары, шумақ түрлері, тармақ толғаулары, бунақ, буындар, ағындар, тармақ кезеңдері, ұйқастар — осы тектес өлеңтану категориялары да «Әдебиет танытқышта» жасалды. Қазақ әдебиетінің өзіне тән жанрлық формаларын топтап, жіктеп берудегі ғалым даналығына таң қаласын. Эпосты — әуезе, лириканы — толғау, драманы — айтыс деп бір қайырып алып, сала-салаға жіктеп әкетеді шежіре, заманхат, өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошемет шешен сөз, дилмар шешен сөз, уағыз, көсем сөз (публицистика). Ауыз әдебиеті түрлері былай жіктеледі. ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, бас қатырғыш — бұлар бір топ. Батырлар жыры, тарихи жыр, айтыс өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме — бұлар екінші топ. Мысал, дилмар сөз (афоризм), тақпақ, мақал, мәтел — бұлар үшінші топ. Тойбастар, жар-жар, некеқияр, беташар, жоқтау, жарапазан, бата — бұлар төртінші топ. Жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшпұ, бесік жыр — бұлар бесінші топ. Сан алуан фольклорлық шығармаларды топтап, саралауға мүмкіндік беретін сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама деген терминдер қазіргі ұғымымызға өзі сұранып тұр.

Қазақ әдебиетін дәуірлерге бөлуде де толып жатқан жаңалық бар.

Хисса, хикаят, насихат, мінажат, мақтау, даттау шығармаларды діндар дәуір әдебиетіне жатқызса, сындар дәуір әдебиетіне ұлы әңгіме (роман), ұзақ әңгіме (повесть), әңгіме кірмек. Лирика түрлерін сап толғау, марқайыс толғау, налыс (мұнайыс) толғау, намыстаныс толғау, сұқтаныс толғау (даттау, қаралау, наз) деп жіктеу, мазақ, мысқыл, қулық, сықақ, әзіл деп саралау, тартыс түрлерін әлектеніс, әуреленіс, азаптаныс деп таратып әкету таң қалдырады.

Әдеби формалардың дамуы, өнер мен өнер арасындағы диалектикалық байланыс, творчество психологиясы, ақындық, талант табиғаты, шабыт стихиясы туралы айтылған көптеген қызықты ойлар, құнарлы пікірлер, байсалды тұжырымдардың әлемдік эстетика, орыс сыны принциптерімен терең астарласып, жалғастық тауып, бүгінгі күнге, ұзақ болашаққа қызмет етер қуат салмағы барлығы қуантады.

Қысқасы, «Әдебиет танытқыш» кітабындағы бірқыдыру термин, ұғым, категория әдеби тілімізге, ғылыми оралымға кезінде кіргенін айта отырып, бұл еңбекте эстетикалық ойлау жүйемізді әлі де байыта түсетін тамаша қазына, ересен тапқырлықтар бар екенін көрсетуіміз қажет. Сонымен, Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді. Ахмет Байтұрсынов зерттеуші Александр Затаевичке бірнеше ән жаздырған композитор, домбыра, скрипка тартқан, пианинода ойнаған, фотографиямен айналысқан, кезінде күреске де түскен палуан, бір сөзбен, жан-жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің бәйтерегі.

«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

Ахмет Байтұрсыновтың ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы — баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған.

*Рымали Нұрғалиев,  
Қазақ ССР Ғылым академиясының  
корреспондент-мүшесі, Абай  
атындағы Қазақ ССР  
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.*



## АҚАҢНЫҢ ЮБИЛЕЙІ ТУРАЛЫ

«Ақ жолдың» осы санында Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толған тойына арналған мақала басып отыр. Қырғыз-қазақ баласында елу түгел, алпысқа да, онан да көп жастарға жеткен жасы үлкендер толып жатқанмен, солардың ішненгеленіп, Ақаңның еске алынып отырғандығында үлкен айырмашылық бар.

Қазақ халық болғаннан бері өз бетінше еркімен дәуір сүрген кезі болмай, қоңсы халықтарының қол астына кезекпен қарай-қарай келіп, бастаған хандарының өзара келісе алмаған кесепатынан орысқа бағынып, үш жүз жылдай үзілместен келген Романовтар үкіметінің\* зұлым саясатының кесірінен жері мен салтынан, тілінен айрылуға айналып бара жатқанын алдымен сезіп, оянған Ақаң еді.

Орысқа жақындасып, Европа тәрбиесін алған қазақ оқығандары өз халқына қарамай, жан бағу дегенді жеңіл көріп, шен қуып, кеңсеге кіріп, хукіметке жағынып, «жақсы адам» атанып жүргенде, оқудан шығысымен қырдағы қалың қазақтың ішне барып, бар білгенін қазақ балаларын үйретуге ынта қылып, қазақтың қара тіліне шыр кіргізбей сақтап, қайта түзей беруге қам қылған Ақаң еді.

Ақаң ұлт матбұғатының көзін ашпағанда, әлдеқашан ескі елдігімізден айрылып, қоңсы кент ағайындардың біріне табынып, таңбадан айрылып кететін едік. Қазақтың дыбысына, сөзіне арнап әліппе шығарып, тіл нәм оқу құралдарын шығарып, қазақтың жалпақ тілін талайға үйреткен Ақаң еді. Ұлт қамы дегенді ескерген адам болмай, қазақ құлшылыққа кез болғанда, бостандыққа жол көрсеткен Ақаң еді. Ақаң шығарып тұрған «Қазақ» газетінің қазақтың тілегін орындап, тілін, жазуын жөндеп кеткенін күндеп, «тіл бүлінді» деп не сөз жігіндардың түрткісіне төзіп, сол үшін рулы елдің орнына тұтқан ұясы болса, өз мойнына арқалаған ұлттың игілігі үшін ол кездегі аюдай анталағандардың аузынан айбынбаған:

Мен сыйман бір бөлмеде жатар десең,  
Өтпеймін тамағыннан, әуре болма,—

деп қазақты қосынғандардың қорлығын көрген Ақаң еді.

Ақаңның қазақтың әр жасының көңіліне қуаныш кіргізетұғын идеясы — Ақаңның елу жасқа келгендігіне той істетпейтұғындар осылар.

Оразды ұлттар Ақаңдай адамдарының туған күндерін, көп жасаған қуаныштарын бұл сықылды газетке жазған бірлі-жарымды мақаламен білдірмей, жер-жерде жасалған үлкен сыйлармен өткереді.

\* Түпнұсқаға сәйкес сол кездегі орфографиялық, пунктуациялық ерекшеліктер сақталды. Сондықтан бұл кітапта жекелеген сөздердің жазылуында ала-құлалық бар. Және бір жай, кейбір өшіп қалған немесе көмескі тұстарына көп нөкат қойылды (Құрастырушы).

Ақаңның елу жасқа толғаны туралы қазақтың көп жері білмегендіктен, көңілдегідей болмай өтіп отыр. Олай болуға себепкер болған Ақаңның туған жері — Орынбордағы қазақ азаматтарының жер-жерді күн ілгері құлақтандыра алмағандығы. Тойдың болатұғын күнін бұрын сөйлесіп қойғанда, Ақаңның атын билген екі республикадағы қазақ өмірде есте қаларлық қылып бірге тойлайтұғын еді. Ақаңның халыққа қылған қызметін көрсетіп, тәржіма халын айтып, туған күніне арнап кітап шығару қажет еді. Осы айтылғандар Ташкендегі «Талап» басқармасының ойында бар еді. Сондықтан бұл тойды тегіс дайындалып алған соң, жайырақ істелсе деп ұйғарылып еді. Орынбор азаматтарының жедеғабыл қолға алып қалғандығынан, көңілге алғандай боп істелмей отыр. Тойды тек телеграммен құттықтауға-ақ мұршамыз келді Құттықтап телеграмм бергендер «Ақ жол», «Шолпан» басқармалары, Түркістан Халық ағарту комиссарлығы, Қырғыз білім комиссиясы, «Талап» ұйымы һәм қазақ студенттері.

Қазақ-қырғыз студенттері жеке телеграм берді.

Б а с қ а р м а  
1923 ж.

## АҚАҢНЫҢ ЕЛУ ЖЫЛДЫҚ ТОЙЫ (ЮБИЛЕЙ)

Қазақ жұртының өткен күндеріне көз салғанда, оқыған азаматтарының артынан ерген күндері аз да болса мағыналырақ, тәуір күндерінің бірі деп саналады.

Сол оқыған азаматтың тұңғышы, алғашқы шыққан көсемі болған Ақана арналған тұңғыш той ой ойлаған қазақ баласының жүрегіне жылы тиетін қуанышты ісінің бірі. Әркімнің қалғыған сезімін оятып, өткен күндерін есіне түсіретін көп істің ішіндегі ірісі.

Ақанның майданға алғаш жыры шығып, әдебиет, саясат жолында жол бастаған күндері бәріміздің де есімізде. Кешегі күні оқушы болып, соның тәрбиесінде жүрген күндерімізді көз алдымызға елестетеді. Ақанның қазақ оқушысының ойы мен пікірін тәрбиелеген заманынан бір ай ұзағамыз жоқ. Кешегі күндерге шейін бәріміз де жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ Патша заманындағы хұкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға сіңірген пікірі әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді.

«Қазақ» газетінің сүтін еміп өскен бір буын осы күнде пікір-білім жолында бұғанасы бекіп, іс майданына шығып отырса, кейінгі жас буын Ақаң салған өрнекті біліп, Ақаң ашқан мектепті оқып шыққалы табалдырығын жаңа аттап, ішине жаңа кіріп жатыр Ақанның бұл істеген қызметі — қазақтың ұзын-ырга тарихымен жалғасып кететін қызмет, істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіш — мәңгілік ескерткіш.

Қазақ жастарының ардақты тәрбиешісі Ақаң сөйлегенде менің есіме «Қазақ» газетінің әуендері түседі. Біз ол күнде мектеп ішінде жүрген бала едік. Бірақ патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «Кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Көмескі жауы қазақтың бесіктегі баласының көзіне де елестегендей еді.

Сол уақыттарда «Қазақ» газетінің бетінен анда-санда оқып отырған әсерлі анық сөздер қауіптің пішінін айқын қылып көрсетіп, мектептегі жас балалардың сезімін түзу жолға беттеткендей болушы еді. Жас буынның жаңа туып келе жатқан әлсіз ойын «жол мұңдалап», жетегіне алып бара жатқандай байқалушы еді. Мектептегі сабағын оқымайтын бала «Қазақ» газетін көрген жерде қадалып тұрып қалатын.

Бөтен қалада қыр есіне түсіп, елін ойлап жүрген балаға «Қазақ» газеті ауылынан келген сәлемдемедей болатын, ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, ел мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ол газеттің жаны кім еді? Ішіндегі қажымайтын қайрат, кемімейтін екпін кімнің екпіні еді? Ол екпін, ұйқтаған

қазақты айқайлап оятуға заман ерік бермеген соң, маса болып қалай ызыңдап оятамын деп, ұзақ бейнетті мойнына міндет қылып алған Ақаңның екпіні болатын. «Қазақ» газетінің сол заманынан бері қарай талай өмір өткен сияқты. Бұл уақыттың жылдай, саусақпен санағандай аз жыл болса да, болып өткен оқиғаларына қарағанда көп заманға жауап ұратын толқынды заманының бірі.

Өзге дүниеде болып жатқан ұлы өзгерісті қоя тұрып, қазақтың өзін алғанда, әлденеше тарихшыға еңбек болатын тарихи оқиғалар өтіп жатыр. Бұрынғы уақытта қазақ баласының есіне келмеген, мағынасы үлкен уақиғаның бірі — қазіргі жасалып отырған Ақаңның елу жылдық тойы.

Саясат толқынына түсіп ойы ашылған, мәдениет жолында аз да болса ілгері басып беті ашылған қазақ жұрты бұрынғы ауыр күнде басшысы болған азаматының атын құрметпен атағысы келеді. Еркін ойды ойлатпай, ауыздан шыққан сөзді баққан патша заманында қазақ жұрты қайрат қылған еріне арнаулы сөзін айта алмаса, бүгінгі күнде азаматы елу жасқа келіп, сақал-шашы ағарған күнде өксікті сөзін айта алады.

Ақаңның атын қазақ даласындағы қазақ баласының естімегені аз шығар. Бірақ Ақаңды туғызған ел жалаң атын есітіп қоймай, басынан кешірген өмірін білуге де ынтық болғандықтан, білгенімізше бала күнінен бергі өмірін қысқаша қылып айтып өтпекшіміз.

Ақаң 1873 жылы Торғай облысы, Горғай уезінде, Тосын болысында туған. Сүйегі Арғын, оның ішінде Үмбетей болады. Берідегі аталары Үмбетейден шыққан Шошақ, Гүбек. Ақаң — Шошақтың немересі. Өз әкесінің аты — Байтұрсын.

Ақаңның туып-өскен ауылы, қыр қазағының ұғымынша, ол кездегі Үмбетейдегі іргелі аталы ауылдың бірі болған. Оның үстіне, белгілі батырдың тұқымы болғандықтан, Ақаңның жақындарының ішінен батырлықты, мықтылықты салт қылған ірі мінезді адамдар көбірек шыққан.

Ақаңның әкесі Байтұрсын баласын өзге ағайындары түскен жолға түсірмей, өнер-білім үйретпекші болып, жас кезінде Торғайдағы екі сыныфтық орыс-қазақ школына берген. Сол школда оқып жүріп 13-ке келгенде, әкесі Байтұрсын хұкімет алдында «жазықты» кісі болып, Сібірге айдалып кеткен. Мұның себебі: Тосын болысының сайлауына шыққан Торғай уезінің начальнигі «Кәрі ояз» Яковлев Үмбетейге бұрыннан көптігін көрсетіп, зорлық қылып жүрген Дәуітбай табына болысып, соның сөзін қостап, бұларға қиянат қылғандықтан, Байтұрсын Кәрі оязды сабап, басын жарған. Байтұрсынның айдалған себебі осы. Бұл оқиға Ақаңның соңғы кездегі «Анама хат» деген өлеңінде бала күндегі жүрегіне қандай әсер бергендігін көрсетеді:

Оқ тиіп он үшмде, ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам,—

дегені сол күндегі әкесі көрген бейнеттен қалған белгісі.

Торғайдағы алғашқы түскен школын жастай бітірген соң, тағы ілгері оқуды талап қылып, Ахмет Орынбордағы учительдік школына түскен. Әуелгі школында да һәм соңғы Орынбор школында да сабақтас балаларының алды болып, жақсы оқыған. Учительдік школдан 4 жыл оқып, жасы 19-ға келгенде, 1892 жылы оны да бітірген. Ақаңның тәртіпті мектептен алған барлық оқуы осы. Оқу бітірген соң әуелде мақсұт қылған жолымен ел ортасына барып қазақ балаларын оқытпақ ниетімен Ақтөбе уезі, Батпақты болысындағы Ахметкерей Қопсыбақовтардың ауылындағы ауылнай школга барып оқытушы болған. Мұнда біраз уақыт болған соң, Қостанай уезінде Әулікөл деген жерде болыстық школында екінші рет оқытушы болған. Әулікөлден үшінші рет ауысып барған школы Қостанай қаласының уездік екі сыныфтық орыс-қазақ школы. Бұл айтылған үш школда неше жылдап тұрғаны бізге белгісіз. Жиыны үшеуінде төрт жыл тұрып, 1896 жылы Омбыда Ақмола, Семей школдарын басқарып тұрған Алекторовпен хабарласып, Омбыға барған.

Ақаңның Қостанайдан кетуіндегі себептерінің көбі бізге белгісіз. Кетуінің бір себебі қазақтың басқа жерлердегі хал-жайын көріп, білу болса керек. Омбыға барып, Алекторовпен көрісуі Ақаңның кейінгі күндегі адамшылығы мен ісіне

екі түрлі әсер берген. Біреуі — Алекторовтің қазақ турасындағы отаршылдық саясатының басын біліп, көздеп жүрген мақсұтын сезген болар, атақты Ильминскийдің жолымен қазақтың көзін ашу үшін осы оқу керек деген саясатты тұтынып жүргендігін сөздерімен білдірген Алекторовтің ниетімен жақын келіп танысқан соң, Ахмет қазақ халқының халінің ауырлығын ұғып, ел турасындағы түкпірлі ойы сол кезде ояна бастаған.

Алекторовпен танысудың екінші әсері — Ақаңның жолы ашылып, пікірі ашылып, бұрынғы білім-өнер жүзіндегі шала білініп, көмескілеу түсініп жүрген нәрселерін таза білуіне себеп болған. Омбыдан соң аз уақыт тұрған жері — Қарқаралы. Онда 1896 жылдан бастап 1907 жылға шейін тұрған. Қарқаралыда әуелде сыныфтық орыс-қазақ школында болып, артынан городское училищесінің оқытушысы болған.

Қарқаралыда тұрғандағы соңғы төрт жыл Ақаңның саясат ісіне белсеніп кірісіп жазуымен де, ісімен де бой көрсеткен кезі. Сол мезгілде 1905 жылдың өзгерісі болған. Қазақтың Мәскеуден келген бірен-саран студенті, басқа қалаларда оқып жүрген жастары һәм ескіліктен келе жатқан пікірі түзу үлкендерінің арасына өзгеріс рухы жайылып, қазақтың елдігін сөйлей бастаған кездері сол мезгіл болатын.

1905 жылы Қарқаралыда Ақаңмен басқа біраз оқығандар бас қосып, кіндік хукіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші — жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші — қазақ жұртына земство беруді сұраған. Үшінші — отаршылдардан орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында болғандықтан, қазақ жұртын мүфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ақаңдар бастаған іске қыр қазағының шінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған.

Сол жылдардан кейін бас қосқан жиында, жазысқан хатта, оңашада болған әңгімеде ел қамы, ел мұны деген сөздер Ақаңның аузынан кетпейтін сөзі болған. Елшілдік ұранын салып, агитацияның ауданын кеңейтіп, ел ішине арманды сөздерін жая бастаған. Сол жылдардың шінде белгілі «Қырық мысал» жазылған. Қалың қазақ жұртының алғашқы естіген төңкеріс рухындағы сөзі «Қырық мысал» болатын. Бұдан кейін Ақаңның атағы жайылып, елдің шын қамқоры екендігі екінші біріне мәлім бола бастаған. Бірақ сол кезде төңкерістің күні бітіп, патшаның жауыз хукіметі қайта күшейіп, елшілдерге қуғын жасап, қысымшылық жасайтын қанды күндері қайта туған. Қазақ ішнен ежелден елді ұмытып, адамшылық қарызын шенді шекпенге сатқан құзғын сияқты тілмаштары, өзімшіл надан болыстары бірен-сарандап бас көтерген. Қараңғы үйді бинәт қылған «сабаздарға» жем айыратын жер табылған. Олар «Қырық мысалдың» өлеңдерін перевод қылып, 1905 жылдағы петиция берген адамның бәрінің атын жиып, үстерінен белгілі доностарын жүргізе бастаған. Бұлардың бейнеті көпке созылмай-ақ, аз күнде еңбегі жанған. Қазақтың өзгеріс уақытында түзелуді ойлап, тура бетпен жүрген азаматтарының бәрі де хукіметтің қырын қабағына ілініп, абақтыға түсе бастаған.

Сол доностың арқасында 1907 жылы Қарқаралы қаласында Ақаңды алты жолдасымен абақтыға салған. Қарқаралы тұтқынында аз уақыт отырған соң, жазалыларды Семейге айдаған. 12 жыл өмірін өткізіп, еңбегі жанбай, айдалып бара жатқанда, Ақаңның қайғылы көңілінен шыққан ауыр сөздің бірі:

Қош, сау бол, Қарқаралы жуылмаған,  
Айдай бер, қалса адамың қуылмаған,—

деген өлеңінен анық көрінеді.

Семейде сегіз ай абақтыда отырған соң, бір жарым жылға (административный ссылқаға) айдалу ретімен Орынборға келген. Орынборда сол тұрған жылдарында әуелгі ниет қылған бетінен тайынбай, бұрынғыдан ащырақ, күштірек тілмен «Масаны» жазған. Қазақ оқушысына естілген екінші елшілдік ұраны «Маса» болатын.

Бұл кітабы шыққан кезде Уфадағы «Ғалияда» оқып жүрген қазақ шәкірттері тырбанып талап қылып қазақша газет шығармақшы болған. Керекті қаржыны елден жиып, өз орталарынан шығарып бастырушы қылып Мұстафа Оразаевты, газеттеріне шығарушы болуға Ақанды белгілеген.

Қазақтың ол кездегі ерте ояңған тобының бірі «Ғалия» шәкірттері еді, солардың талабымен кейінгі уақытта атақты болған «Қазақ» газетіне алғашқы негіз салынған. Ақаң шығарушы болып, «Ғалия» шәкірттері көмекші жазушылары болып, Орынбордағы орыс школында оқып жүрген барлық қазақ баласы басқарманың қара жұмысшылары болып, көптеп-көмектеп алғашқы сандарын шығара бастады. Артынан «Қазақ» нығайып, өзін-өзі алып жүріп кетті.

Он жетінші жылдың төңкерісіне шейін Ақаңның уақыты «Қазақ» газетімен бірге өтті. Бұнда да қазақтың сатылған тілмаштары жасаған доностары аз болған жоқ. Әлденеше рет «Қазақты» жаппақ болған, штраф төлеткен, Ақаңды абақтыға салмақ болған күндер бізге белгілі. Бірақ Ақаңның денсаулығын ойлап, халін ұққан жолдастары абақтыға жатқызған жоқ. Хүкіметтің тілеген штрафын беріп босатып алды.

1917 жылдың төңкерісінен бері Ақаңның істеп жүрген қызметі, жазып жүрген кітаптары, сөздері жұрттың көбіне белгілі болғандықтан, одан бергі жайларын көп жазбақшы емеспін.

Осы күнде Ақаң Орынборда.

Басынан кешкен толқынды күндер сақал-шашына ерте күннен-ақ ақ кіргізіп, бетіне әжім түсірсе де, әзірше дені сау, жас күнінен көңілі сүйген қызметі болғандықтан, Орынбордағы қазақ институтының нәм басқа қазақ баласы оқыған мектептердің оқытушысы болып жүр. Мектептен босаған уақытта қазақ мектептеріне керекті кітаптар жазады.

Бұрынғы оқушыларға белгілі «Гіл құралы», «Оқу құралдарынан» басқа, соңғы жылдарда «Әліппе астарын» нәм қазақша жазған, бұл соңғы кітабы осы күнде Орынборда басылып жатыр. Жаңадан алған хабарға қарағанда, былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек. Ақаң соңғы жылдардағы уақытының бәрін қазақтың мектебіне сарып қылып, істеген ісі де, жазған жазуы да жалғыз соған арналған. Сондықтан бұрынғы уақыттағы жас буынның әлсіз ойын тербеткен, жүрекке жылы, тәтті өлеңдерін соңғы жылдарда есіте алмай жүрміз.

Бірақ Ақаңның бұрынғы айтқан сөзін әлі қазақ баласы ұмытқан жоқ, өлеңіндегі белгілі сарын әлі ескірген жоқ. Әлі күнге қазақ даласының күшті сарыны болып, Арқаның қоңыр желімен бірге өсіп шалқып жатыр. Бұдан он-он бес жыл бұрын

Алаштың үмбетінің бәрі мәлім,  
Кім қалды таразыға тартылмаған,—

деп Ақаң айтса, біз де осы күнде соны айтамыз. Айналып келіп таразыға тартылған, сыннан өткен деп Ақаңның ғана ардақты атын атаймыз. Одан басқа жалпақ елдің сынына толып, мейірін қандырған кісілері санаулы.

Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілік ұран — «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын.

Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.


Сондықтан елу жылдық тойын істеп отырған қуанышты күнде Ақаңа біздің аитатын сөзіміз: Ақаң — еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі — артынан келе жатқан жастар. Оның арты Ақаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буын. Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды.

Қаламынан тамған бал ем болудан аинымайды. Әлде болса өмірінің ұзақ болып, еңбегінің өнімді болуын тілеуден қазақ баласы қайтпайды.

1923 ж.

Бірінші бөлім

# ӨЛЕН СӨЗ





### ЗАМАНДАСТАРЫМА

*Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Әзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,  
Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым.  
    Бабы жоқ жұмыстағы мен бір арық,  
    Күн қайда үздік шығар топты жарып.  
    Ат тұрмас аяғында желі болса,  
    Дүсірлеп шапса біреу қиқу салып.  
Бар болса сондай жүйрік қызар деймін,  
Естілсе құлағына дүбір барып.  
Әйтпесе арық шауып оңдыра ма,  
Жүргенде қамыт басып, қажып-талып.*

Петербург, 1909

## ҚЫРЫҚ МЫСАЛ

### 1. АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН

Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,  
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін.  
Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,  
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.  
    Бұлардың машақаты аз болмады,  
    Жұмысы орнына кеп мәз болмады.  
Тартса да бар күштерін аямай-ақ,  
Асылы, жүк орнынан қозғалмады.  
Оншама ол жүк артық ауыр емес,  
Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.  
Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,  
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.  
    Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,  
    Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.  
    Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,  
    Істеген ынтымақсыз ісің онбас.

### 2. ШЫМШЫҚ ПЕН КӨГЕРШІН

Шымшық торға түсті соры қайнап,  
Барды ма, кім біледі, ажал айдап.  
Бәлені қаза менен қайда деме,  
Ғаріп боп отыр сорлы көзі жайнап.  
    Жанына жас Көгершін ұшып келді.  
    «Не қара басты торға түсіп?— деді.—  
    Тал түсте торды көрмей, соқыр ма едің,  
    Есалаң, ақылы жоқ, күшк,— деді.—  
Түсер ме есі дұрыс күндіз торға,  
Ақылың жоқтығынан қалдың сорға.  
Мысалы, мені алдап еш уақытта  
Тор түгіл, түсіре алмас онан зорға.  
    Кім күлмес бостығыңа сен жаманның,  
    Алдырған хайласына бір наданның.  
    Мен саған қол берейін түспесіме,  
    Хайласы саған ғана мол адамның».